

ЭЛЕКТРОНДЫҚ РЕСУРСТАР АЙНАСЫНДАҒЫ ТАРИХ САБАҚТАРЫ

ҒҰМАРБЕК ДӘУКЕЕВ АТЫНДАҒЫ АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ
БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ ТӘЖІРИБЕСІНЕН

Ашаршылық тақырыбы тарихымыздың өте маңызды парақтарының бірі. Оны зерттеу мен тереңірек тануға деген бүгінгі ұрпақтың талабы да зор. «Заманың түлкі болса, тазы болып шал» демекші, біздің міндет оларға ашаршылық тақырыбын жан-жақты ашып көрсету мен деректерді жеткізудің заманауи құралын пайдалану.

ПРЕЗЕНТАЦИЯ МӘТІНГЕ БЕРГІСІЗ МӘЛІМЕТ БЕРЕДІ

Айта кетерлігі, жоғары білім беру жүйесінде әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді, оның ішінде тарихи пәндерді оқытуда электронды ресурстарды қолдану профессор-оқытушылар құрамы үшін тиімді технологияның біріне айналып отыр. Бүгінгі әлемді шарпыған пандемия, онлайн оқыту жағдайында электронды ресурстарды қолдану аясы тіпті кеңейген.

«Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәнінің күнтізбелік бағдарламасында «Кеңестік мемлекеттік құрылыс үлгісінің жүзеге асырылуы» атты дәріс тақырыбы бар. Осында 1932-1933 жж. алапат аштықты тудырған кеңес өкіметінің

«күштеп ұжымдастыру саясаты» да қарастырылады. Осы мәселені жан-жақты, тереңдетіп оқыту және меңгеруде электронды ресурстардың көмегі, рөлі мен маңызы айтарлықтай.

1932-1933 жж. аштыққа қатысты электронды ресурстардың бай қоры – презентация, видео-дәрістер, электронды мұрағат құжаттары, фото-коллекциялар, сол оқиғалардың куәгерлері, ғалым-зерттеушілер қатынасқан документальді фильмдер, естеліктер, т.б. қолдану мүмкіндігі мол.

Ең алдымен дәріс барысында жиі қолданылатын презентациялардың рөліне тоқталайық. Жалпы жоғары оқу орындарында дәріс барысында презентацияларды қолдануға қатысты пікір біржақты емес, деген-



мен белсенді түрде қолданылатын құралдың бірі.

Шебер дайындалған презентация мәтіндік материалдарға таптырмас қосымша болып табылады. Себебі оқу порталына салынған презентацияны студент кейін қайта қарап, тақырыпты өз бетінше пысықтауына мүмкіндік алады. Презентацияның басты мақсаты да сол – материалды визуалды түрде қабылдау, назар аударту.

Күштеп ұжымдастыру жылдары орын алған аштық қасіретін оқып-үйрену барысында төмендегідей слайдтарды жасап дәріс құндылығын арттыруға болады деп ойлай-

БК(б)П XV съезі – «ұжымдастыру съезі» (Желтоқсан, 1927 жыл)

«Шашыраңқы, ұсақ шаруа шаруашылықтарын біртіндеп ірі өндіріске айналдыруды жүзеге асыру ...»

Съезд шешімінен



Филипп Исаевич Голошекин, (басқа аты - [Шая Ицкович](#)) [Қазақ](#) өлкелік партия комитетінің Бірінші Хатшысы (1925 – 1933 жж.). *Орал мен Сібірде Кеңес өкіметін орнатуға қатынасқан.*

Патша отбасын атуды ұйымдастырушылардың бірі деп саналады...

1938 жылы “[халық жауы](#)” ретінде изоляторда тұтқындалып, 1941 жылы бір топ әскерилермен бірге атылды.



мыз. Ұжымдастыруға бағыт алған XV съезд шешімінен бастап, осы науқанды республикада белсенді түрде жүзеге асырған Қазақ Өлкелік партия комитетінің Бірінші хатшысы Ф.Голошекин туралы қысқаша мәлімет беретін төмендегідей екі слайд:

Одан әрі қарай, осы ұжымдастыру науқанының мерзімі мен қарқынын анықтап, белгілеу мақсатында құрылған комиссия, оның басшысы – сол кездегі Жер шаруашылығы Халық Комиссары Я.Яковлев және И.Сталин «ескертулерінен» кейін қайта дайындалған комиссия жобасының шешімдері туралы слайдтар. Екінші слайд КСРО өңірлері бойынша ұжымдастыруды аяқтаудың мерзімі мен қарқынын көрсетіп тұр, Қазақстанда 1932 жылдың көктеміне аяқтау белгіленген:

Ұжымдастырудың ауыр зардаптарының алдын алу үшін ұсынылған Н.Бухарин, А.Рыков, М.Томскийдің баламалы пікірлері мен И.Сталин, В.Молотов, Л.Каганович шешімдерін салыстырып көрсететін слайд беруге болады. Екінші слайд 1930 жылдың 30 қаңтарында қабылданған, «ерекше құпия» грифімен сақталып келген Б(б) КП ОК «Жаппай ұжымдастыру аудандарындағы құлақтар шаруашылықтарын жоюға байланысты шаралар туралы» Қаулысынан үзінді. Бұл құжаттан үзінді күштеп ұжымдастыруға қарсылық танытқан ауқатты шаруаларды жазалаудың ауқымдылығы мен зұлымдығының деңгейін түсінуге мүмкіндік береді.


Осындай күштеп, жедел қарқынмен жүргізілген науқанның ауыр салдарлары – мал басының жаппай қырылуы мен алапат адам шығынын төмендегідей кесте түрінде беруге болады. Тұтас Кеңестер Одағын шарпыған ашаршылық туралы айта

келіп, адам шығыны ең жоғары деңгейде болған Қазақстан мен Украинаны салыстырып көрсетсе де артық болмайды.

Республикамыздағы алапат ашаршылықтың құрбандарының бірі кінәсіз, қорғансыз, панасыз балалар болғаны белгілі. Мұны да «Белоруссия голодоморы» тұсындағы қабырғасы қайысқан аш-жалаңаш балалар мен Қазақстандағы мыңдаған баланың поезға тиеліп балалар үйлеріне аттандырылуын куәлендіретін суреттермен салыстырып берсе болады.

«Қазақстандағы ашаршылық туралы Орталық білді ме?» деген сұрақты қоя отырып, ашаршылықпен күрес жолындағы қазақтың асыл азаматтары – көрнекті зиялы қауым өкілдерінің жанкешті қызметін көрсететін слайдтар құрастырған да жөн. Бұрын құпия сақталынып келген құжаттар топтамасы бүгінде қолжетімді. Солардан үзінділерді пайдалансақ слайд, дәріс құндылығы арта түседі деп ойлаймыз. Мәселен, Т.Рысқұловтың суреті

Яковлев Яков Аркадьевич (1896 - 1938), Кеңестік мемлекеттік қайраткер. 1913 жылдан коммунистік партия мүшесі. 1921 Мәскеуде жсауапты партия қызметінде. Жер Халық Комиссары



мен И.Сталинге хаттарынан үзінділер немесе «Бесеудің хаты», олардың кейінгі тағдыры туралы бірнеше, төмендегідей слайд түрінде ұсыну шәкірттердің ақпаратты қабылдау тиімділігін арттыра түседі.

ШЕТЕЛДЕ ҚАЛАЙ?

Батыстың жоғары оқу орындарында дәріс презентациялары 60-70 слайдтарға дейін құрастырылады. Мұны біздің АЭЖБУ-нің академиялық ұтқырлық бойынша Чехия, Болгария, Польша, Литва елдерінде білім алып келген студенттеріміз де растап отыр. Себебі, кредиттік білім беру жүйесінің басты мақсатының бірі де сол – студентті өз бетімен жұмыс істеуге, білім алуға үйрету. Дәріске қатыспаған студент үшін оқытушының дайындаған мазмұнды, көз тартатын презентациялары арқылы-ақ материалды меңгеруіне мүмкіндік туады.

Биыл университетімізде оқылатын курстар бойынша 10-12 минуттық видеодәрістер дайындалды, сілтемелері силлабустарда көрсетіліп оқу порталдарына салынды. Осы 10-12 минуттық дәрістердің өзі әр тақырып бойынша алғашқы мәліметті беріп, студенттің қызығушылығын тудырады. Кейбір жекелеген өзекті мәселелер бойынша да оқытушының өз видеодәрістерін дайындап оқу порталында орналастыруына болады.

Мәселен, сондай тақырыптың бірі – Қазақстандағы 1932-1933 жылдардағы аштық трагедиясы деп ойлаймыз.

Т.Рыскуловтың И.Сталинге хаты – 29 қыркүйек 1932 ж. және 9 наурыз 1933 ж.

МҰРАҒАТПЕН ЖҰМЫСҚА МӘН БЕРІЛСЕ...

Қазақстандағы ашаршылық мәселесі бойынша студенттің өз бетімен архив құжаттарымен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыруға да мүмкіндік бар. Бұл жерде электронды архив көмекке келеді. Ол архивтерге сілтемелер сол презентацияларда, әдебиеттер тізімінде көрсетіледі. Мәселен, мына архивтерде Республикамыздағы ашаршылыққа қатысты бірқатар құжаттар бар:

ГОЛОД В СССР. 1930-1934 ГГ. – Архивы России rusarchives.ru/publication/hunger-ussr/index.shtml, ГОЛОД В СССР. 1930-1934 ГГ. – Архивы России www.rusarchives.ru/publication/hunger-ussr/content.shtml. Бұл сайттар Ресей Федерациясының мемлекеттік мұрағаты (ГАРФ), Ресейдің мемлекеттік экономикалық мұрағаты (РГАЭ), т.б мұрағат қорларының құжаттарымен танысуға және оларды еркін пайдалануға мүмкіндік береді.

Бұрын жабық болып келген құжаттардың электронды нұсқасымен интернет жүйесі арқылы танысудың студент қана емес, ересек оқырмандар үшін де маңызы орасан зор деп білеміз. Егер студент осы қасіретті ұжымдастыру жылдары 1 млн-нан астам қазақтың шетел ауып кеткенін оқулықтардан оқып білсе, көрсетілген мұрағат қорлары арқылы республиканың облыстары мен аудандары бойынша осы көші-қонның деңгейі, қасіреті туралы өзі тапқан құжат арқылы көзімен көріп білер еді.

Сол құжаттардың ішінде Қазақстан бойынша 70 мың панасыз баланы бір орталықтан қамтамсыз ету туралы төмендегідей 1-2 құжатты көрсетіп қойса презентация құндылығы арта түседі. Негізі ЖОО-да дәріс барысында дәріс-презентацияларда құжаттарды көбірек қолданған дұрыс.

Осындай электронды архивтер біздің де елімізде дайындалса жақсы болар еді.

Электронды ресурстар көзінің тағы бір ұтымды тұсы студент өзінің теориялық білімін документальді

«... Торғай, Батпаққара өңірінде халықтың 20-30 пайызы қырылып болған, қалғандары көшіп кеткен. Шалқар ауданындағы әлденеше ауылдарда тұрғылықты халықтың 30-35 пайызы қырылып қалған. Ақтөбе облысы бойынша 1930 жылға дейін өмір сүріп келген. 1 012 500 адамнан 1932 жылы 725 800-і ғана тірі қалған, бұл - 71 пайыз ғана деген сөз. Қызылорда аудандық атқару комитеті төрағасының деректері ондағы ауыл советтерінде 15-20 пайыз-ақ адам тіршілікте бар екенін айтақпай тұр. Жергілікті ОГПУ мәліметтері бойынша, онда бұрын 60 мың халық тұрған, соның 36 мыңы өліп, 12 мыңы көшіп, енді небәрі 12 мыңдайы ғана қалған...»

Т.Рыскулов



фильмдер негізінде толықтыра алады. Бұл фильмдер Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат министрлігі тапсырмасымен түсірілген, тарихшы-ғалымдар мен зерттеушілеріміз, зұлмат куәгерлерінің қатысуымен түсірілген сенімді фильмдер.

Мәселен, Ашаршылық туралы деректі филь, Зауал, Ұлы дала зары және т.б.

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ МҮМКІНДІГІ МОЛ

Ашаршылық мәселесі ғана емес, жалпы курсты оқып-үйренуде электронды оқулықтар мен оқу құралдарын дайындаудың маңызы зор. 2017 жылы университетімізде республика жоғары оқу орындарының тарих емес факультеттерінің студенттері үшін дайындалған «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» атты электронды оқу құралы жарық көрді.

Қазақ тіліндегі оқу құралы Adobe Flash CS5.5. бағдарламасының негізінде дайындалды.

Оқу құралының электронды нұсқасының дайындалуы «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәні бойынша түрлі деңгейдегі материалды (мәтін, танымдық тапсырмалар, тест, глоссарий, презентация, видео) жүйелеуге мүмкіндік береді.

Мұндай электронды ресурстың функционалды мүмкіндіктері мол. Оқу құралы студенттердің біліктіліктері мен дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Аталмыш оқу құралында бүгінгі білім беру жүйесінде айналымға енген кәсіби категориялық аппарат қамтылған:

– Дәріс мәтіндерінде көк бояумен бөліп көрсетілген сөздер, атаулар, сөз тіркестерін басса, ашық энциклопедиядан алынған ақпараттармен таныды. Бұл студентке уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді;

– Тесттерді өз бетімен орындап, нәтижесін біле алады, қажет жағдайда сол жақта төменде орналасқан тілді (стрелка) басып, қайта орындауға болады;

– «Тапсырмаға» кіру арқылы түрлі танымдық сипаттағы тапсырмаларды орындап, мұнда да өз жауаптарының дұрыс-бұрыстығын тексере алады;

– «Глоссарийда» тақырып бойынша кездесетін терминдердің мән-мағынасын түсіне алады.

Электронды оқулықтың тағы бір ұтымды тұсы – студенттің өзі орындаған тест, тапсырмаларының дұрыс-бұрыстығын лезде білу мүмкіндігі.

Осындай электронды білім беру ресурстарын пайдалану студентті өз бетімен жұмыс жасауға үйретіп қана қоймай, еліміздің тарихына деген қызығушылығын арттыруға да септігін тигізеді деп ойлаймыз.

С. Х. БАЙДИЛЬДИНА,
т. ғ. к., АЭЖБУ доценті

АННОТАЦИЯ

Электронные ресурсы играют всё большую роль в преподавании гуманитарных дисциплин, в частности отечественной истории. В данном материале рассказывается об освещении одной из самых драматических полос прошлого. Опыт делится Алматинский университет энергетики и связи им. Г. Даукеева.